АТҚАРУ КОМИТЕТІ **ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ**

ҚАУЛЫ **ПОСТАНОВЛЕНИЕ**

30.09.2026 жыл **№ 11, 1-т.**

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының қызметі туралы.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің (әрі қарай – Облыстық ұйым) Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының қызметін зерделеу қорытындысы туралы анықтаманы тыңдап әрі талқылай келе, Атқару комитеті **атап өтеді**:

Облыстық ұйымның Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясы өз қызметін кәсіподақтың басқарушы органдарының шешімдеріне, Комиссия туралы ережеге (Атқару комитетінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № 4 қаулысының 3-тармағымен бекітілген) сәйкес және қызметінің негізгі бағыттары аясында жүзеге асырады.

Әйелдердің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге және қорғауға көмектесу, олардың кәсіподақ қозғалысындағы рөлін арттыру, әйелдер арасындағы кәсіподақ көшбасшылығын, құқықтық сауаттылықты дамыту және әйелдерді кәсіподақ ұйымдарының жұмысына белсенді түрде тарту мәселелері Комиссия қызметінің негізгі мақсаты болып табылады.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Астана қаласы мен Ақмола облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Еңбекші әйелдер істері жөніндегі комиссиясының қызметін зерделеу қорытындысы туралы» ақпарат назарға алынсын.
2. Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымының уәкілетті органына:

2.1. Облыстық комиссия жұмысын жүйелендіру, филиалдар мен бастауыш кәсіподақ ұйымдарындағы комиссиялардың жұмысын жандандыру;

2.2. Әйелдерге арналған құқықтық ағартушылық жұмыстарын жүргізуді әзірлеп, енгізу;

2.3. Әйелдердің кәсіподақтағы көшбасшылығын дамыту бойынша мақсатты бағдарламаларды іске қосу;

2.4. Заманауи цифрлық оқу форматтары мен коммуникациясын жетілдіру (вебинарлар, медиа-жобалар, онлайн-консультациялар және т.б.);

2.5. Әйелдердің өңірлік және республикалық деңгейдегі кәсіподақтық шараларға қатысымын кеңейту;

2.6. Қызметкерлердің қабылданып жатқан шешімдер, жүзеге асып жатқан шаралар мен қажетті ақпараттарды алу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-коммуникациялық бағыттағы жұмыстар күшейтілсін.

3. Кәсіподақтың Орталық комитет Аппаратына **2027 жылғы 5 қаңтарға дейін** осы қаулының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға **А. Мукашева**